

поддержания жизнеспособности определенных культур и этносов.

Совершенно естественно, что в такой небольшой статье невозможно очертить все основные грани проблемы, тем не менее, представляется уместным обратить внимание на ряд ее аспектов, требующих самого серьезного и развернутого рассмотрения.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Всемирная философская энциклопедия. – М.: АСТ, Минск: Харвест, 2001. Статья М.А. Можейко.

2 Новейшая философия. Словарь. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2006.

3 Мелихов А. И нет им воздаяния // Новый мир. – 2012. – №2.

4 Чехов А.П. Повести и рассказы. – М.: Олимп – ППП, 1993.

5 Секацкая М.А. Этические идеалы, логические ограничения и проблема свободы // Вопросы философии. – 2012. – № 2.

6 Степанянц М.Т. Культура как гарант российской безопасности // Вопросы философии – 2012. – №1.

Түйін

Мақала философиялық ізденіс пен көркемдік мәдениет жағынан «ішкі», рухани, «тыс» еркіндік жайлы сан сырлы мәселесіне арналған.

Conclusion

The article is devoted to the multifaceted problem of internal and external spiritual freedom in the light of philosophical surveys and culture.

ҒҰНДАРДЫҢ ТАРИХИ - ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ

Ерманова С.Б.

Біздің заманымыздан бұрынғы бірінші мыңжылдықта қалыптасқан тайпалар одағы бірі – ғұндар, хундар-түркі халықтарының ата-тегі. Ғұндарды әр елде, түрлі замандарда түрліше атап келгені мәлім. Мәселен, қытайлар-хусюңгу, гректер-хойвол, латын тілінде сөйлетіндер – unni, Батыс елдері-huns, орыстар-хунну, түркі халықтары күн,хүн,ғұн деп атаған.

Ғұн тайпалары б.з.б. үшінші ғасырдың соңына қарай бір орталыққа бірігіп, ғұндар ордасын-ғұндар мемлекетін құрды. Аса қуатты, жақсы қаруланған, соғыс өнеріне жетік әскер қалыптасты.

Алғашқы кезеңде ғұндар Байқал көлі өңірін, Моңғолияны, Қытайды, Шығыс Түркістанды мекен етті. Б.з.б. 2 ғасырда қазіргі Батыс Қазақстан жерінде ғұндар ордасы пайда болды. Ғұндар ордасы Еділ мен Жайық өзендері аралығында орналасқан еді. Ғұндардың дәстүрлі құқық жүйесі болды. Бұл құқық жүйесі бойынша мынадай мәселелер көзделген деуге болады: «Ұрлық жасап, кінәлі болған адамның жері алынады. Шайқаста жаудың басын шауып алған немесе оны тұтқынға алған адамға бір кеспек шарап сыйланады, қолға түсірілген олжа соған беріледі, ал тұтқынға алынғандар соның құлдары мен күндері етіледі. Ұрыс даласында қаза тапқан адамның сүйегін кім әкелсе, оның отбасының бүкіл мүлкін сол алады».

«Ғұндар» беретін келе-«түркілер» деп аталып кетті. Бұл сөз-«күшті», «сұнғақ бойлы», «салт атты жауынгер» деген ұғымдарды білдіреді.

Ғұндар-түркі тайпасының арғы атасы екенін қытай тарихынан аударған ғалымның бірі-Абел Ремюза. Хун-гун-екеуі бір сөз,ескі дәуірдегі ғұндардың түрік екенін ең алғаш айқын суреттеген-академик.

Ғұндар мәдениеті мен әдебиеті түркі халықтарының арғы ата-бабалары саналатын ғұндардың біздің заманымыздан бұрынғы бірінші мыңжылдықтың өзінде-ақ төл жазуы, әдеби тілі, жоғары мәдениеті, сан салалы ғылымы, сәулет өнері, металл қорыту, қару-жарақ жасау кәсібі болғанын дәлелдейтін көптеген ғылыми еңбектер жазылды. Ал ғұн тілі көптеген бері зерттеліп келеді. Бір қатар ғалымдар (Р. Штилф, В.Ф. Миллер, В.Г. Васильевский, В.В. Радлов, Л.Н.Гумилев т.б.) ғұндардың тілі көне түркі тілі деген пікірге саяды. Содай-ақ олар Шығыс Азиядағы ғұндар мен кейінірек Еуропаға қоныс аударған ғұндар бәрі бір текті – түркі – моңғол нәсілінен екенін айтады.

Ғұндардың Еуропада құрған мемлекеті, яғни «Батыс ғұн империясы бүкіл адамзат мәдениетінің тарихында өзіндік із қалдырды. Зергерлік өнердің ерекше дамыған түрі – полихрома стилін алғаш батыс ғұн зергерлері

салған. Олардың полихрома стилімен жасалған бұйымдары әлемнің талай музейлерін бендіріп тұр. Батыс ғұн империясында алтыннан жасалған 92 экспонат Санкт-Петербургтегі Эрмитажда сақтаулы. Цирк өнеріне қатысты ат үсті ойындарының негізін ғұндар салған. Олар мұны өзімен бірге Еуропаға алып барды. Ғұндар Еуропада баспана ретінде төрт доңғалақты арба үстіне орнатылған киіз үйлерді пайдаланған. Ғұндардың кілемдері мен киіздері түрлі оюлармен өрнектелетін болған. Еуропалық аймақтарда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде ғұндардың ағаштан, қыштан, металдан жасалған ыдыс-аяқтары мен түрлі бұйымдары табылған».

Ғұн тайпаларының ең асыл қазынасы саналатын рухани байлығы-ауыз әдебиеті жайында жазылған зерттеулер жеткіліксіз дәрежеде деуге болады. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы ғұндар дәуірінде өмірге келген түрлі аңыз-әфсаналар, мақал-мәтелдер, тұрмыс салт жырлары, лирикалық өлеңдер және батырлық эпосы әлі күнге дейін толық зерттеле қойған жоқ. Ауыз әдебиетінің бұл үлгілері біздің заманымызға толық күйінде емес, қысқа-қысқа үзінділер түрінде ғана жетті. Ал кейбір батырлық жырларының жалпы сюжеттік желісі ғана сақталып қалған. Бұлар негізінен көне заман тарихшылары Геродот, Ктезий, Пойэн, Харес Митиленскийдің еңбектері арқылы белгілі болып отыр. Өздері орта ғасырда өмір сүрген Табарий, Масуди, Исфакхани, Бируни сияқты ғұламалардың кітаптарынан да ежелгі ауыз әдебиетінің ғажайып үлгілерін табуға болады.

Сондай-ақ ежелден сақталып, бүгінгі күнге жеткен көне заман туындыларында ғұндар және олардың ұрпақтары-қыпшақтар жайындағы ауыз әдебиетінің кейбір үлгілері сақталған. Ал біздің жыл санауымыздан көп ғасыр бұрын Еуропаға қоныс аударған дала қыпшақтарының арғы ата-бабалары саналатын ғұндардың ерлікке толы өмірі, тұрмыс-тіршілігі хақында «Вальтария», «Нибелунгтер туралы жыр» деп аталатын көне герман эпостық жырларында айтылады.

Сонымен, қадым заманның батырлық жырлары да өмірде болған тарихи тұлғаларды, қоғамдық құбылыстарды бейнелейді. Халық өмірінде маңызды рөл атқарған тарихи тұлғалар жайында аңыздар ерекше орын алады.

Ғұн, қыпшақ және қазақ халықтары арасындағы этнографиялық, мәдени байланыс-

тарды жан-жақты зерттеп жүрген ғалым С. Өтенияз ұрпақтар жалғастығы жайында құнды түйіндер жасайды. «Ғұндардың әдет – ғұрпы мен салт-дәстүріндегі кейбір ерекше түрлерінің бұл күндегі бірден-бір мұрагері – қазақ халқы. Олар: баланы бесікке бөлеуі, жылқының етін жеп, қымызын ішуі, қойдың басын сыйлы қонаққа тартуы. Көшпелі өмір кешкен ғұндардың киіз үйі мен арбасы, бәйге шауып, көкпар тартуы, зергерлік өнері, алаша тоқуы, қару-жақтары, ер-тұрмандары, ыдыс-аяқтары, т.б. қазақтың байырғы тұрмыс-тіршілігін еске түсіреді.

Біздің заманымыздан бұрынғы үшінші ғасырдың соңғы кезінде ғұндардың тайпалары бірігіп, өздерінің мемлекетін құрғаны тарихтан жақсы мәлім. Ғұндар 24 рудан тұрады. Олардың әрқайсысын өз бектері билейді. Ең жоғарғы әміршісін «тәңірқұт» деп атаған. Ғұндар негізінен мал шаруашылығымен айналысқан, сондай-ақ олар кезінде кен қазып, түрлі металдарды қорытуды да білген. Темірден, шыныдан, ағаштан түрлі бұйымдар жасаудың шеберлері болған. Қолөнері мен бейнелеу өнері барынша дамыған.

Ғұндар да сақтар сияқты бір ғана құдайға – Көк тәңіріне, Күнге табынған. Таңертен және кешкісін. Күнге тағзым етіп, оған оқтын-оқтын құрбандық шалып отырған. Құрбандыққа жылқы соятынын жоғарыда айттық. Ондағы мақсаты-ең жүйрік жануар саналатын жылқы-адамның тәңірге деген ризалығын Көкке, Күнге тез жеткізеді деп ойлаған. Ғұндар ата-баба рухына сыйынып, оны өздеріне қиын-қыстау сәтте медеу тұтқан.

Ғұндарды кезінде «Күн балалары» деп атаған. Осы орайда қазақтың аса дарынды ақыны Мағжан Жұмабаевтың төмендегі жыр жолдары еріксіз ойға оралады:

Ерте күнде отты Күннен ғұн туған,
Отты ғұннан от боп ойнап мен туғам.
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!

Г. Дерфердің айтуы бойынша, ғұндар баласын «Kutu» деп атаған. Бұл түркі тіліндегі «Құт» деген сөзбен дыбыстас сөз. Мағына жағынан алғанда да бұл өзінен туған ұрпағын қара шаңырағының құты, байлығы есептейтін ата-баба дәстүріне сәйкес келеді.

Сонымен, ғұндар Қара теңіз жағалауын, Керчь бұғазын, Боспор патшалығын, Рим империясының Паннония аймағын өзіне қаратты. Соның нәтижесінде ғұндардың Еуропа-

да құрған мемлекеті-Батыс ғұн империясы өмірге келді.

Оғыз қаған-ғұндардың көсемі Мөденің әдеби бейнесі деуге болады. Сол себепті Мөденің тарихи тұлғасы туралы бірер сөз айта кетейік. Мөде-ғұндардың атақты билеушісі, патшасы, тәңіркүты. Әкесі Тұман б.з.б. 206 жылы қайтыс болғаннан кейін патша тағына отырады. Мөденің билік жүргізген кезеңі ғұндар мемлекетінің алтын дәуірі саналады. Бұл кезде ғұндар Хань әскерін күйрете жеңіп, оларды «тыныштық және туыстық туралы шартқа» қол қоюға мәжбүр етеді. Бұл шарт бойынша олар енді ғұндарға көп салық төлеуге мәжбүр болды.

Мөде билік жүргізген кезде ғұндар қазіргі Кореядан сонау Тибетке дейін, одан әрі Шығыс Түркістаннан бастап, Алтай өңіріне дейінгі ұлан-ғайыр өлкені түгелдей өздеріне қаратып алған еді. Қытай өзінің «ұлы қорғанын» осы Мөде әскерінен қорғану үшін салған болатын. Алайда «ұлы қорған»ғұндардың тегеурініне төтеп бере алмады.

Сонымен, Мөденің әдеби бейнесіне Оғыз қағанға оралайық. Ол үшін «Оғыз-қаған» дастанына назар аударайық. Бұл дастан Мөденің көптеген өлкелерге жасаған жауынгерлік жорықтарынан елес береді.

«Оғыз-қаған» дастаны белгілі бір тарихи оқиғалардың желісі, сүрлеуі, ізі бойынша жазылғаны анық. Оғыз қағанның анасы – Ай-қаған бейнесін ғалымдар көбінесе дерлік отбасының қамқоршысы Ұмай-ана бейнесімен байланысты түрде алып қарастырады.

Ал «Оғыз-қаған» дастанындағы Қыпшақ бек, Қағарлық бек, Қаңлы – түркілердің белгілі ру-тайпаларының жинақталған бейнелері болуы да мүмкін. Орыс бек-Киев князьдарының бірі болса керек деген болжам бар. Ежелгі орыс жылнамаларының бірінде Киев Русінің печенектерге қарсы күресі туралы айта келіп, шежіреші Орыс бектің есімін ауызға алады. «Оғыз-қаған» дастанында кездесетін нақтылы жағрафиялық атаулар да аз емес. Мәселен, Шағам-Шам, Сінду-Индия, Итилмуран-Еділ өзені, Терең муран-Терең өзен, Терең өзен-Днепр өзені деген болжам айтылып жүр.

«Оғыз-қаған» дастанына негіз болған түрлі аңыз-әңгімелер мен нақты тарихи деректер арасында тығыз байланыс бар екенін аңғару қиын емес. Оғыз батыр жайлы шежіре – аңыздарда айтылатын тайпалар көне дәуір тарихынан жақсы мәлім. Сондай-ақ Оғыз батыр

жайлы ауызша аңыз – әңгімелердің сюжеттік желісі мен «Оғыз-қаған» дастанының сюжеттік желісі арасындағы ортақ сарындар да зерттеушілер назарынан тыс қалған емес. Бұл туралы әсіресе зерттеуші Құлмат Өмірәлиев ұтымды пікірлер айтқан.

«Оғыз-қаған» дастанын зерттеу ісіне әсіресе Түркия елінің ғалымдары көп еңбек сіңірді деуге болады. Әйтсе де түрік ғалымдарының зерттеулері соңғы кезге дейін бізге беймәлім еді.

Ал қазір Н. Атсыз, Н. Банарлы, Ф. Көп-рүлузаде, Б. Рифат сияқты түрік ғалымдарының «Оғыз-қаған» дастаны туралы терең ойлы зерттеулері қолымызға тиіп отыр. «Оғыз-қаған» дастаны мен қазақтың батырлық жырлары арасындағы әр түрлі байланыс белгілерін зерттеуге қазақтың Ә. Дербісәлі, М. Жармұхамедұлы сияқты ғалымдары да өзіндік үлес қосқан. Сонымен бірге ағылшын, неміс, француз және орыс ғалымдары да бұл салада едәуір еңбек еткені мәлім. Дегенмен, «Оғыз-қаған»дастанының түркі халықтары фольклорынан алатын орны, батырлық жырының түркі тілдес халықтар әдебиетіне тигізген әсері, әсіресе оның дәстүр жалғастығы негізінде қазақ әдебиетіне жасаған ықпалы күні бүгінгі дейін арнайы зерттеу объектісі болған емес.

«Оғыз-қаған» дастанының зерттелу тарихына қысқаша тоқталып өтелік. Оғыз қаған туралы аңыз-әңгімелер мен тарихи шындық жайында кезінде В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, А.М. Щербак, А.Н. Кононов сияқты зерттеушілер сан алуан құнды пікірлер айтқаны мәлім. Бұл пікірлердің бәрін түйіндеп айтсақ, төмендегі жәйттерге келіп саяды. «Оғыз-қаған» эпосының ауызша тараған нұсқалары негізінде кейінірек қайта жазылған екі түрлі нұсқасы бар. Бірі ұйғыр әрпімен көшіріліп жазылған. «Оғыз-қаған» дастанының осы нұсқасы Париждің ұлттық кітапханасының қорында сақталып келеді. Ал екіншісі араб әрпімен жазылған. Оғыз батыр туралы аңыздардың араб әрпімен жазылған нұсқасының авторы-атақты тарихшы, белгілі әскери қолбасшы, Хиуаның ханы Әбілғазы бин Араб Мұхаммеджан(1603–1663). Тарихшы – ғалым ретінде Әбілғазының жазып қалдырған екі еңбегі бар. Бірі – «Шежіре-й терекіме», екіншісі – «Шежіре-й түрік». Бұл екі шығармасы да Оғыз хан жайында деуге болады. Бұлар Оғыз батырдың ерлік жорықтары, оның ұрпақтары атқарған игілікті істері, оғыз тайпаларының шығу тегі, тұрмыс

–тіршілігі, әдет – ғұрпы, т.б. туралы болып келеді. Әбілғазы жазған «Түрік шежіресінің» түпнұсқасы бізге сол күйінде жетпеген. Бұл шығарманың әр уақытта, әр жерде, әр түрлі хұснихатшылар тарапынан көшіріген жеті нұсқасы сақталған. Белгілі орыс түркологі А.Н. Кононов соның бәрін жинап, егжей – тегжейлі зерттеді, ғылыми негізіндегі мәтінің әзірлеп, бір ізге түсірді, әрі оны орыс тіліне аударып шықты. Әбілғазының «Түрік шежіресінде» жер бетінде адамзаттың пайда болуы, Оғыздың тууы, патшалық етуі, оның жорықтары, Оғыз батырдың өз еліне оралып, үлкен той жасауы, Оғыз ханның үлкен ұлы Күн ханның таққа отыруы, оның өзіне қарасты 24 аймақты інілері мен балалаларына бөліп беруі, Оғыз ұрпағының таңбасы мен тамғасы, т.б. туралы ғажайып хикаялар айтылады. Мұның бәрі бірдей аңыз емес. Шежіреде түркі елінің ежелгі тарихына тікелей қатысты нақты деректер де көп. Соның бәрін автор тарихшы ретінде ғана емес, көркем сөз зергері ретінде де шебер бейнелеп, әңгімелеп береді.

Ал «Оғыз-қаған» дастанының ұйғыр әрпімен жазылып, Париждің ұлттық кітапханасында сақталып келген нұсқасын тілдік тұрғыдан зерттеп, оған ғылыми түсініктеме берген ғалым түркі тілдернің көрнекті маманы А.М. Щербакболды. Ол «Оғыз-қаған» дастанының транскрипцияланған мәтінін дайындады, оны орыс тіліне жолма-жол аударма жасады.

Әбілғазы «Түрік шежіресін» жазу үстінде Рашид-ад-диннің шежіре кітабындағы кейбір мәліметтерді пайдаланған.

Мне, «Оғыз-қаған» дастанының осы біз айтып отырған нұсқасы тілі көркем, көріктеу құралдары сан түрлі композициялық құрылысы ширақ жасалған, бейнелі, қанатты сөздерге бай болып келеді. «Оғыз-қаған» дастанының Париж Ұлттық кітапханасында сақталған нұсқасы көлемі жағынан онша үлкен емес. Қолжазба небәрі 21 парақ немесе 42 бет болып келеді. Әрбір бетке 9 жолдан ғана жазылған. Мұның өзі кездесок жәйт емес, «Оғыз-қаған» дастаны өзінің композициялық құрылысы жағынан жазба әдебиеттің ғажайып үлгісі болып табылатын «Күлтегін» жырына өте-мөте ұқсас деуге болады.

Дәл сол сияқты «Оғыз-қаған» дастанында да әрбір циклдың өзі үш элементті қамтиды, олар: біріншісі-оқиғаның басталуы; екіншісі-оқиғажелісінің ұлғайып, өрістеуі; үшіншісі-оқиғаның түйіні, қорытындысы.

Міне, осы тұрғыдан алып қарағанда, зерттеуші Қ. Өмірәлиевтің «Оғыз-қаған» дастанын сюжеттік желісіне орай, шығарманың ішкі табиғатына сәйкес түрде 17 циклға бөліп қарастыруы ерекше назар аударады. Мұнда әрбір циклға қойылған тақырыптың өзі-ақ сол циклда айтылатын оқиғаны толық аңғартып тұрған сияқты. Атап айтқанда: Оғыз қағанның тууы мен балалық шағы баяны; Оғыз қағанның жігіт болуы және ерлік көрсету үшін аттану баяны; Оғыз қағанның үйлену баяны; Ай, Күн, Жұлдыз, Тау, Көк, Теңіз деген балаларының тууы баяны етіледі.

«Манас» эпосын зерттеуші ғалым Р.З. Қыдырбаева өзінің «Генезис эпоса «Манас» атты еңбегінде қадым заманда түркілердің көк түске ерекше мән беруінің себебі адамдардың мистикалық наным-сеніміне байланысты болса керек деген пікір айтады. Ал қазақтың батырлық жырларында халық қамын ойлап, елді сыртқы жаудан қорғауға белін буып кірісетін жанкешті қаһармандар қашанда жарық нұрдан жаралған болып келеді. Мәселен, «Қобыланды батыр» жырының бір нұсқасында мынандай жыр жолдары бар:

Асыл нұрдан жаралған
Қыдырбай шалдың еркесе
Қара қыпшақ Қобыланды.

Оғыз қаған Үрім қағанға қарсы соғысқа аттанған кезде оның әскери көк бөрі бастап жүреді. Оғыздың әскері тынығып жатқан бір сәтте батырдың шатырына көктен нұр-сәуле түседі. Сол сәуле ішінен бір көкжал қасқыр шыға келеді. Көкжал бөріге табанда тіл бітіп, Оғыз қағанға айтады:

«Ай, ай Оғыз!
Үрім үстіне сен аттанар боларсың!
Ай, ай Оғыз!

Қызметінде мен жүрер болармын!» – дейді.

Сонымен, бүкіл түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы болып табылатын «Оғыз-қаған» дастаны мен қазақтың батырлық жырларының арасындағы дәстүрлі көркемдік байланыс бар екенін айқын көреміз.

Шынында да Оғыз батыр жайындағы дастан мен қазақтың батырлық жырлары арасында сюжеттік, стильдік, образдық, тілдік ұқсастықтар мол болып келеді. Айталық, Оғыздың жанкешті ерлігі қазақтың кезінде жоңғар қалмақтарына қарсы шыққан жаужүрек батырларын еріксіз еске салады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сүйіншәлиев Х. ҮІІІ–ХҮІІІ ғ.ғ. қазақ әдебиеті. – Алматы, 1989.
- 2 Дала даналары. – Алматы, 2001.
- 3 Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі: Оқулық. – Алматы, 1986.
- 4 Келімбетов Н., Қанафин Ә. Түркі халықтары әдебиеті: Оқулық-хрестоматия. – Алматы, 1996.
- 5 Әбілғазы. Түрік шежіресі /аударған Б. Әбілқасымов/. – Алматы, 1992.
- 6 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы, 1985.

7 Оғыз-наме. Мұхаббат-наме. – Алматы, 1986.

8 Өмірәлиев Х. Оғыз-қаған эпосының тілі. – Алматы, 1988.

Резюме

В статье «Историческое и социальное положение гуннов» автор обращается к истории гуннов.

Conclusion

The article “The historical and social situation of the Huns” is devoted to the history of the Huns’ literature appearance and information on Kagan Ogyz.

РАБҒУЗИ ҚИССАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Ерманова С.Б.

XIII – XIV ғасырда туған шығармалардың бірқатары аудармаға жақындау болса, бір парасы нәзираға жақын.

Кейде бір шығарманың ішінде осы екі әдіс те қатар қолданылады. Осыдан, соңғы кезде «аударма – нәзира» деп алынып жүрген анықтама бұл шығармалардың ерекшелігін толық көрсетеді. Тюрколог ғалымдар «Рабғузи қиссаларының» ең көне қолжазбасын 1893 жылы П.М. Мелиоранский Британия музейіндегі ең ескі, толық қолжазбаны қарап шығып, кейбір көшіріп алған үзінділерін 1897 жылы жариялаған. Ленинград университетінің кітапханасындағы қолжазбасы ішінде жариялап үлгермеген Лондон нұсқасының бірнеше үзіндісін С.Е. Малов тауып бастырған. Н.И. Ильминский баспасы бойынша берілген үзіндісі С.Е. Маловтың 1951 жылы жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Көне түрік жазба ескерткіштері» деген кітабына да енгізілген.

«Рабғузи қиссаларының» жеке үзінділерін Н.П. Остроумовтың (1874 ж.), Н.Ф. Катановтың (1894 ж.) мақала еңбектерінде кездеседі. Н.Ф. Катанов «Мұсылман аңыздары» деген мақаласында Қытайдың Гань-Су-Син-Цзянь провинциясын аралағанда жергілікті мұсылмандардың айтуынан жазып алынған кейбір аңыздарды құранмен, «Рабғузи қиссаларымен» салыстыра ұқсастығын көрсеткен 1950 жылы М. Айбектің алғы сөзімен шыққан «Өзбек әдебиетінің антологиясында» жарияланған.

Алғаш рет 1967 жылы профессор Б. Кенжебаев филология факультеті студенттеріне

арналған «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты хрестоматияға енгізілді. «Рабғузи қиссаларының» негізі шығыстан – араб, парсыдан келген әңгімелерден тұрады. Аңыз – әңгімелері Құран арқылы келген. Себебі, мұсылмандардың наным бойынша, құран дүниені билеуші күштің өзі жіберген бірден – бір қасиетті кітап. Аңыз – әңгімелері қызық сюжетпен баяндалған. Мазмұнына қарай мынадай топтарға бөлінген:

1. Табиғат, дүние құбылыстары, жаратылыстың пайда болуы жайындағы діни – мифологиялық әңгімелер.

2. Дінді таратушылар, халифалар, тарихи адамдар жайлы деректі, дерексіз әңгімелер.

3. Ауыз әдебиеті үлгілері, өлеңдер.

Жаратылыстың пайда болуы жайындағы әңгімелер өз тұсындағы діни түсінік рухында жазылады. Ғылыми шындыққа сай келе бермейтін, діни түсініктен туған әңгімелер «Қиссада» Құдай Жәбірейілді үш түрлі топырақ алып кел деп жұмсайды. Топырақ Жер: «Менен топырақ алма», – дейді Жәбірейілді жердің көңілін қимай, қайтып келеді. Құдай Ысрафильды жібереді. Ол да алмай қайтып келеді. Ең соңынан Әзірейілді жібереді. Жер Әзірейілге де жалынады. Әзірейіл: «Сенің сөзіңнен алланың хүкімі күшті» – дейді де жерден үш түрлі топырақалады. Құдай Әзірейілге: «Сенің көңілің бәрінен қатты екен. Бұдан былай адамның жанын алатын сен боласың» дейді. Содан адамның жанын Әзірейіл алатын болады. Топырақтың түсі әр түрлі болған соң, дүниедегі адамдардың түрі де әр түрлі болған екен.